



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ  
«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК



«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»  
«Татулық, бірлік ұраны!»

Өткізген:  
Тәрбиеші Горяева А.М.

Хромтау ауданы, 27.11.2024 жыл



## Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында

**Тақырыбы:** « Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

«Татулық , бірлік ұраны»

**Мақсаты:** Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту. Асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке ептілікке жеңіске деген құштарлыққа намысқойлыққа, әділдікке баулу. Балаларды ұлтымыздың құндылықтарын кастерлеуге баулу.

Балалардың өй-өрісін дамыту. Балаларды ұлттық ойындарға қызықтыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**көрнекілігі:** Асық ,үстел-үсті ойындары,арқан.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шенбері:** Алақанды ашайық

Күннің нұрын салайық

Таза ауаны жұтайық.

Жүрекке жылу сыйлайық.

Жиналған жылы шуақты

Қонақтарға шашайық.

**Тәрбиеші:** Балалар бүгінгі оқу қызметіміз өте қызық болмақ. Балалар бүгін біз қайда қонаққа келдік?

- Киіз үйге келдік.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар. Балалар қарандаршы менің қолымда не бар?

- Асық.

**Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы:** ұлттық ойындар туралы болмақ.

Балалар асық дегеніміз не? Кім біледі? Асық кайдан шығады?

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар, Қойдың жілігінен алынады. Онда мен сендерге осы асықпен қалай ойнау керек екенін, қандай ойын түрлері бар екенін айтайын, сонан соң сіздермен ойнайтын боламыз.

-Ертеде қазақ халқы асықты бала кезде қолына алып, жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті бала тумап жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындарда болған. Асық ойынының ерекшелігі және оның сан қилылығы: асықпен үйде де, далада да ойнауға болады. Ертеде қазақтың қыз – келіншектері де ойнаған. Сондай-ақ бұрынғы аға буын өкілдерінде, асық ойнамай өскен бірде-бір адам жоқ.

Халқымыз асықты қастерлеген. Мысалы, қазақта «асығың алшысынан түссін» деген ізгі тілек бар. Асық ойынында кімнің ойыны алшысынан түссе, сол бірінші түссе сол бірінші айтады. Яғни асықтың алшы түсуі оның иесін басымдыққа жеткізеді. Сәті түсіп, жолы болып тұрғандығын, білдіреді. Асық тұла бойы құдіретке тұнған күш іспетті де. Сол себеппен ертеде бақсы балгерлер асық арқылы болашаққа болжам жасаған.

Асық ойыны- спорт ойынының бір түрі. Асық ойынының тәрбиелік мәні зор. Асық ойыны ептілікке, мергендікке, шапшандыққа, ептілігін және қырағылығын жетілдіреді. Бір мезгілде бірнеше бала ойнайтын, асық ойыны баланың намысын жинап, қатарымнан озсам деген талпынысты, бойға қасиет қылып сіңіреді.

Асықтың түрлері

Асық түрлеріне қарай сақа, кеней болып, бөлінеді. Сақаға ірі үлкен қошқар, ісек асықтарының оңқайы алынады. Кеней деген қой, ешкі, киік, қозы, лак асықтарының жалпы аты. Асықты тәйкесінен тұрғызып, өзіне қаратып қойғанда, ұшы оң жаққа қарап тұрса оңқай, ал сол жаққа қарап тұрса – солақай асық деп аталады.

Сақаның түрлері: айналсақ сақа, жымпиыт сақа, тәйпек, қорғасын сақа.

**Ханталапай-** екі баладан бес-алты балаға дейін ойнайды. Әр бала келсім бойынша, бірнеше кенейін ортаға салады. Бір асықты ішінен хан етіп сайлайды. Ол асық қосқан кенейлер санына қосылмайды. Асық иіріп немесе санамақ арқылы бірінші ату кезегіне ие болған бала асықтарды қос уыстап алып, араластырып, шашып жібереді. ойыншылар бірден «ханның» қалай түскеніне қарайды. « Хан» алшы тұрса, таласа –тармаса жаппай қарманып, мол үлес алып қалу үшін, асықтарға бас салады. Балалардың жинаған ұпайы, алып үлгерген асығына қарай есептеледі. Бас салған кезді «хантаалапай» деп айтады.

Ал енді балалар өзіміздің ойынымызды ойнайық. Қане бәріміз орнымыздан тұрамыз мен асықтарды орналастырайын. Бір – бірлеп асықты атамыз, бірінші мен сендерге көрсетейін, мені қайталайсындар.

**«Шыр» ойыны**

**«Асық ату» ойынын ойнайды**

**Үстел –үсті ойын түрлері .**

**Ұлттық ойын «Теңге алу»**

**«Білектесу» ойыны**

**«Жаяу тартыс» (балалар еңбектеп екі баладан шығып арканды тартады)**

**Сергіту сәті**

Көк шалғында қоңыздар

Би-билейді айнала,

Оң аяқпен топ-топ.

Сол аяқпен топ-топ,

Екі қолды жоғары-жоғары.

Көтереді жәй ғана,

Қане кімнің қолдары.

Көрінеді жоғары.

**Қортынды:** Балалар бүгінгі оқу қызметі сіздерге ұнады ма?

Қай бөлімі ұнады?

Асықтың түсі қандай?

Оқу қызметіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.



yoga



wedding



travelling



house of dream

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН  
Текст аязада  
Ұлт қазынасы  
25..11.2024ж.



health



happy times with friends